

Байтенова Н.Ж.,
Туғанбаев Қ.Т.

**Діни сауаттылық пен
діндарлық феноменінің
қазіргі келбеті**

Мақалада көпұлтты және көпдінді қазақстандық қоғамда орын алып отырған діни жағдай мәселелер діни мәдениет, діни сауаттылық, діни әдеп тұрғысынан қарастырылды. Дінге байланысты туындап отырған мәселелердің негізгі бөлігі діни сауаттылықтың кешеуілдеуінен, діннің қоғамдағы негізгі функциясы мен алар орнын дұрыс түсінбеуден екендігі шындық. Мұндай кемшіліктерді жою мен алдын алу үшін қолға алынатын нақты іс-шараларды жүйелі әрі жоспарланған түрде жүзеге асыру шешуші роль атқаратыны белгілі. Ол үшін діндарлық ұғымының бір көрінісі сенім мәселесінің мән-мағынасын ашып, оның зайырлы қоғамның рухани саласындағы ролі мен орнын тап басып айқындау, сенімнің түрлерін анықтау, көпұлтты және поликонфессионалды мемлекетіміздің ерекшелігін ескере отырып діни фанатизм мен рухани жұтаңдау сынды кереғар құбылыстардың алдын алу қажет. Бұл жаһандану жағдайындағы дінге байланысты әртүрлі жағдаяттарды қалай қабылдау және шешім шығаруға, діни экспансияны болдырмауға, қоғамдық даму жолындағы оңтайлы бағытты ұстануға үлкен септігін тигізері анық.

Түйін сөздер: Діни сауаттылық, діни тәжірибе, сенім, діни сана, діни әдеп, діни фанатизм, конфессия.

Baitenova N.Zh.,
Tuganbayev K.T.

**Today's look of the religious
phenomenon and religious
literacy**

The article deals with religious problems arising from the standpoint of religious ethics, culture and literacy in multi-confessional and multi-ethnic Kazakhstan society. As you know the main part of the problems connected with religion, arises from the religious illiteracy, poor understanding of the functions and the place of religion in society. For the prevention and elimination of the existing shortcomings, the decisive role played by the implementation of the planned and systematic activities. To do this you need to open a concept – «faith», to clarify its place and importance it occupies in society, to determine the types of beliefs prevent religious fanaticism and spiritual decay, given the characteristics of our multi-confessional and multi-ethnic state. This helps to stick to the best direction in social development, decision-making related to religion in times of globalization and prevent a religious expansion.

Key words: Religious literacy, religious experience, faith, religious consciousness, religious ethics, religious fanaticism, confession.

Байтенова Н.Ж.,
Туғанбаев Қ.Т.

**Сегодняшний облик
религиозного феномена
и религиозной грамотности**

В статье рассматриваются возникшие религиозные проблемы с точки зрения религиозной этики, культуры и грамотности в поликонфессиональном и полиэтническом казахстанском обществе. Как известно, основная часть проблем, связанных с религией, возникает в силу религиозной неграмотности, неправильного понимания функций и места религии в обществе. Для профилактики и устранения существующих недостатков решающую роль играет осуществление запланированных и систематизированных мероприятий. Для этого необходимо раскрыть понятие «вера», уточнить его место и значение в светском обществе, определить виды верований, предотвратить религиозный фанатизм и духовное разложение, учитывая особенности нашего поликонфессионального и многонационального государства. Это помогает придерживаться оптимального направления в общественном развитии, принятии решений, связанных с религией в период глобализации, и предотвратить религиозную экспансию.

Ключевые слова: религиозная грамотность, религиозный опыт, вера, религиозное сознание, религиозная этика, религиозный фанатизм, конфессия.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН ДІНДАРЛЫҚ ФЕНОМЕНІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ

Кіріспе

Қазақстанда демократиялық, зайырлы қоғам орнату мен оның баяндылығын нықтауда дінаралық келісім мәдениетінің дамуы және оған діни сауаттылықтың әсері мен осы салада атқарар ролі өзекті мәселенің бірі болып отырғаны шындық. Арманға айналған тәуелсіздігімізге қол жеткізген тұста кеңестік идеологияның күйреуімен пайда болған рухани бос қуысты жаңа діни идеялар толтырды. Қазақстан бірнеше геосаяси тұрғыдан алғанда алпауыт мемлекеттердің ортасында, Азия мен Еуропаның жанасқан жерінде тұрғандықтан біздің елдің аумағында ірі әлемдік діндер ислам және христиандық, сонымен қатар басқа да ірілі-ұсақты конфессиялардың әрекет етуіне қолайлы жағдай жасалған еді. Қазақстан әсіресе екі үлкен өркениет – түріктік және славяндық этностардың бір-бірімен тоғысқан жері. Қазақстан көпконфессиялы және көпұлтты мемлекет болғандықтан қоғамдағы тұрақтылық, дінаралық келісім, халықтар достастығы еліміздің даму жолындағы ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік тұтастығымызда күн тәртібінен түспейтін мәселе.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әр алуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Халықсыз билік болмайды, ал дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен дін және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңдегі дін атаулының мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы ролі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру құдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсері өте анық көрініс берді [1, 188-б.].

Елбасының қай кезде болсын қайталап айтатын сөзі: «Саяси тұрақтылықтың, қоғамдық келісімнің, ұлтаралық тату-

лықтың арқасында ғана экономикалық реформа табысты болады» [2, 8-б.]. Көп этносты егеменді Қазақстанның заман ауқымына қарай дамып, қалыптасу жағдайында қазақ ұлтының төл мәдениетін сақтап қалып, өз діліне берік болып, ата-баба мұратын жалғастыруы мен ұрпақ алдындағы борышын адал атқаруында тіл, салт-дәстүр, дін секілді рухани құндылықтарын кіршіксіз таза күйінде жеткізу міндеті батпан жүк болып тұр. Атап айтсақ, жаһандану жағдайында мәдени, діни, идеологиялық экспансиядан жырақ болу, ұлттық мәйегімізді сақтап қалу үшін қолда бар құндылықтарымызды бағалап, оларды насихаттау және дұрыс ұстаным негізінде қолданыстан шығарып алмау қажеттілігі басты орында тұратын мәселе. Мемлекеттік тәуелсіздікпен бірге ұлт санасында тұралауға айналған тіл, салт-дәстүр, діни құндылықтармен халқымыз қайта қауышып, шөліркеген рухани сұраныс шамасы келгенше олқылықтарын толтырып, ұмыт бола жаздап барып ортамызға оралған ұлттық санамыздың серпіліс тапқаны баршамызға аян. Осының ішінде коммунистік саясат «апиын» деп атаған, адамзат қоғамының бастапқы кезеңінен бастап жалғасып келе жатқан шынайы ілім, қоғамдық сананың бір формасы дін еді. Солақай саясат ұлттық тамырды үзу үшін шынайы хак діннің орнына квазидіндік нормаларды орнатып, діни ұстанымдарға қанша тыйым салып баққанымен, ұлт санасынан өшпеген діни ілімдер өз кезегінде ұлттық мәдениеттің айшықты көрінісі ретінде қайта жаңғырып, қоғамнан өз ролі мен беделіне орай орнын тапты. Ескі саяси жүйені бұзып, тәуелсіз мемлекет орнату, жаңа жүйе қалыптастыруда дін мәселесінің орны мен өзектілігі бұрынғыдан бетер айқындала түсті. Себебі, діни мәселелер осы заманғы қоғамның рухани өмірінде барынша жетекші роль атқаруда және қазіргі кезде ерекше маңызды болып отыр.

Негізгі бөлім

Адамзат тарихына көз жүгіртер болсақ діни сана мен діни үдеріс қашанда өзінің өзектілігін жоймайтын, қоғамдағы реттілік пен тәртіпке арқау болған рухани болмыс екенін аңғарамыз. Халықтың болмысын айшықтайтын руханилықта діни ұстаным жетекші роль атқаратыны әлімсақтан белгілі. Діни сенім белгілі бір этностың әдет-ғұрыпы, салт дәстүрі, тілі секілді рухани қалпын айқындап, ұлттық сана-сезімінің тірегі, ұлтжандылықтың ұйытқысы болып табылады. Қоғамның өмір сүруінің маңызды бір бөлігі дүниетанымдық сфера болып табылады. Себебі

мемлекет тұрғындарының дүниетанымы, олардың өмірлік ұстанымдары мен бағыт-бағдарлары жалпы қоғамның дамуы мен өркендеуінде маңызды рөлге ие болады. Діни сенім адам өмірінде, бүтіндей бір ұлттың ділінде жетекші роль атқаратын дүниетаным.

Дін сөзінің араб тіліндегі мағынасы мойынсұну, бағыну, құлшылық, заң деген мағынаны білдіреді. Дін – адамның Құдайға деген сенімінің, өзіндік санасының қоршаған болмысқа қатынасындағы ерекше күйі мен танымы. Дін – адам мен Құдай арасындағы делдалдықты қажет етпейтін қатынас. Дін – діни тәжірибенің нәтижесі, сенімді өз түсінігінде, өмірде қолдану тәсілі.

Ал қазіргі қоғамымызда дінді саясатқа теліген және бизнес көзіне айналдырған дәстүрлі емес ағымдар көбейді. Олардың мақсаты мен іс-әрекеттері діни ілімге мүлде сәйкес келмейтіні, бас пайдасы мен жеке қызығушылықтың басымдығы көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың барлығына белгілі. Бірақ, ең өкініштісі осындай кереғар ағымдардың шырғауына түсіп, адасқан жандардың көбейіп бара жатқандығы, және де олардың дені жастардың болуы жағдайды ушықтыра түскендей. Шынайы дінді, оның қағидаларын, ұстанымдары мен позициясын терең түсінбей, тіпті одан бейхабар бола тұра, шала білімді бетке ұстап, байыпталмаған қадамға барып, ата-бабадан жалғасып келе жатқан діни ұстаным, салт-дәстүрді, ұлттық өзгешілікті, ділді терістеп, фанатизмнің жетегінде кетіп, радикалды ағымдардың қатарын толтырып жатқан қаракөздер қатарының өсуі ащы да болса шындық. Бұл үрдістің кең қанат жаюының себебі неде дейтін болсақ, оған түрткі болар факторлар бірнеше. Бұл біріншіден сырттан енген діни ағымдардың о баста еш кедергісіз таралып, бақылаудан ада болғандығы. Тағы бір негізгі себеп, кеңестік кезеңде қазақтың төл мәдениеті, тілі секілді діни де қатты жұтаң күйге түсіп, коммунистік партияның саясатының қырына ілікті. Ұлттық құндылықтар түп-тамырымен жоғалмаса да, аса бір күрделі сынға түсті. Ал азаттық таңымен бірге қайта оралған діни бостандық ұзақ уақыт бойы сансырап қалған халықтың сұранысына жауап беріп қана қоймай, сырттан енген, селдей қаптаған түрлі ағымдардың ара жігін ажыратып, бажайлауына мүмкіндік бермеді. Оған діни сауаттылықтың жетіспеушілігі басты себеп еді.

Демократияны алға ұстаған бұл ағымдардың сорақы істері алғашында мүлде көзге ілінбеді, ал назар аударылған кезде қоғамға, әсіресе жастар арасына тамыр жайып үлгерген еді, сол себеп-

ті оларға тойтарыс беру болашақтың еншісіндегі нақтылы істер мен бағдарламалардың жүзеге асырылуында болып тұр.

Бұл бағытта қажырлы да жүйелі жұмыс жасауда нақтылы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай постулаттардың негізінде әрекет ету қажет деп табамыз. Бірінші – біздің еліміз поликонфессионалды және көпұлтты болып табылады, сондықтан бейбітшілік пен саяси тұрақтылыққа сеп болатын этносаралық қарым-қатынастың маңыздылығын есте естен шығармауымыз керек. Екіншіден – Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылатындықтан осыған сай қағидаларға арқа сүйеу негізінде сыртқы және ішкі саясатта діни тағаттылық пен жастардың бойындағы елжандылықты дамытуға бағытталған іс-шаралардың пәрменін күшейту. Үшіншіден – ұлтымыздың дәстүрлі құндылықтарын сақтап қана қоймай, олардың жеке адам, қоғам өміріндегі ролін дамытуға негізделген ұлттық сарындағы практикалық іс-әрекеттердің күшеюіне деген мүддені қолдау және жүзеге асыруға күш салу. Төртінші – радикалды, ксенофобиялық, дәстүрімізге жат, саяси мақсатты көздейтін ағымдардың бетпердесін шешіп, олардың шынайы пиғылдарын әшкерелеу. Сонда ғана шынайы сенімге әкелер даңғыл жол мен тұрлаусыз тайғақ жолдың аражігін көпшілікке айқындап, ажыратып берудің неғұрлым тиімді әрі нәтижелі боларына мүмкіндік молаяды.

Сенімді былай деп екіге бөліп көрсету қазіргі қоғамға тән болып тұрғаны анық жағдай. 1. Соқыр сенім – діннің қағидалары мен ұстанымдық ақидаларды, қасиетті кітаптардағы жазбаларды, уағыз бен өсиеттердегі қағидаларды дұрыс түсінбеу, бұрмалау, кейбіреулерін тікелей мағынада түсіну, жекелеген жағдайда заманауи шарттармен санаспау секілді адасудан туындайтын сенім түрі. 2. Шынайы сенім – діннің негізгі түсініктерін толықтай түсінуге, оларды ақыл-парасатпен түйсіне отырып, діннің қағидаларын жан-жақты орындау мен ұстануда фәнилік ұғымдарды бақилық ұғымдармен шатастырмауға, діни түсініктерді зердемен ұғынып, ақылмен түйіндеп, жүрекпен сезінуге негізделген. Соқыр сенімге жеке адамның әлеуметтік жағдайы, қоршаған ортасы, діни сауаттылығының таяздығы, жалпы өмірлік қағидасының жоқтығы немесе солқылдақтығы, діни тәжірибесінің сын көтермес әлсіздігі мен адами құндылықтарының тұрақсыздығы себепкер болады. Ал сенімнің иллаһи дінге сәйкес келуі мен діни сауатты болуына, адасушылықтан алыс болып, тең ортаны ұстануына адам өміріндегі діни тәжірибе тікелей әсер етеді. «Ең бастысы – діни сенімнің теологияда, фи-

лософияда және басқа ғылымдар тұрғысынан алғандағы мәнділігі адам өзі арқылы және өзіндігінде табиғи болмыстан тысқары болмысты ашуы» [3, 100-б].

Діни сезім мен діни сана діни сеніммен біріктіріледі. Діни және діни емес сенім адамның болмысты іштей қабылдау қабілеттілігі болып табылады. Сенімнің негізінде сезім, эмоциялар да жатыр. Адам когнитивті қабілеттерін көрсете бастағанда парасат іске қосылады, адам бағалап, салыстыра бастайды. Ол таңдау жасай бастайды. Ал таңдау басталған жерде сенім ақыл-ойға орын береді, ол өз кезегінде құмарлық сезімі мен сенімнің сезімдік-эмоциялық аяқ астылығын басып тастайды. Адам не сенеді, не сенбейді, үшіншісі жоқ. Өз алдына діни сезімдер әлі діндарлықты білдірмейді [4, 102-б]. Діндарлық дегеніміз – сенім сезімдік және саналылық сферасын біріктіргенде ғана мүмкін болатын күй. Сенім сезімді саналылық деңгейіне көтеріп, діндарлықты анықтайды.

Қолданбалы діни тәжірибе – бұл адам мен адам, ұстаз бен шәкірт арасында сенімге, діни білім мен дағдыларға үйрету, алынған білімдерді қолданысқа енгізу. Діндегі Құдайды қаншалықты анық тану діннің және оның таратылуы мен негізгі ұстанымдарының жолдарын айшықтап, ақиқаттығы мен дұрыстығын анықтайды. Материалдық прогресс қандай деңгейде болса да, ол адамға өздігінше толыққанды бақыт сезімін сыйлай алмайды. Материалды құндылықтар тек сыртқы, тәндік рахаттану сезіміне, кейде рухани ләззатқа алып келуі мүмкін, бірақ ол ұзаққа созылмайды. Себебі, тәндік қажеттіліктер тұрақсыз, олар үнемі өзгерісті қалайды және заманауи талаптарға сай түрленіп отырады. Ал адам басты орынға рухани сфераны қойған жағдайда материалды құндылықтардан айырылу немесе күнделікті күйбең тіршіліктегі мәселелер жайлы үнемі қорқыныш пен дәрменсіздіктен арылып, толыққанды тұлғалық деңгейде өзін көрсете алады. Өмірді жоғарғы құндылық деп түсіну, одан ләззат алу мен қайғыру, күйзелу тек сыртқы, үстірт факторлардан ғана туындамайды, оған ішкі себептер де әсер етеді.

Бұл себептер – өзіндік сананың мүмкіндігі, яғни жағымды немесе кереғар іс-әрекеттер жасауға деген жасырын қабілеттілік. Бұл мүмкіндіктер енжар күйде болады да, сыртқы әсерлердің түрткі болуынан көрініс табады да, сол кезде қиналыс немесе қанағаттанушылық сезімі орын алады. Қоғам адамзат баласын басқа тіршілік иелерінен ерекшелеп, оның ғаламдағы бірден-бір саналы жан иесі ретіндегі дәлелі бола алады. Сол

қоғамды қолдан жасау арқылы адам ондағы басқа тұлғамен қарым-қатынас жасауға мәжбүр. Ал бұл қатынаста адамдар арасындағы мейірімділік, сыйласымдылық, тағаттылық, әділеттілік секілді қасиеттер басты роль атқаратыны заңдылық. Бұл орайда ахлақтық, этикалық ілімдер діннің қағидаларынан бастау алғаны мәлім. Діни этика – әлемдік діндердегі қасиетті жазбалардағы өсиеттерге, хадистерге сүйенетін ахлақтық сананың мазмұны мен адамның жүріс-тұрыстары жайлы ахлақтық кешенді белгілейтін термин. Тар мағынада діни этика сөзін – «ахлақ теориясы» немесе «адамгершіліктік діни ілім» ретінде қолдануға болады. Діни этиканың айрықша қасиеті адамдар арасындағы қарым-қатынастан бөлек, адам мен Құдай арасындағы қатынас нормаларын орнатып, этикалық нормаларды абсолютті мағынасында құдайылық ұстаным ретінде түсіндіреді.

Діни-моральдік сана архаикалық мәдениет діндерінен бастау алып, этикалық діндер – буддизмде, исламда, христиандықта, иудаизмде жалғасын тапты. Ритуалдылықтан этикаға өту үрдісі әлемдік діндер тарихына көз жүгірткенде байқалады. Сырттай қатаң сақталуын талап ететін нормалар мен жүріс-тұрыстар, ритуалдық ұйғарымдар, құрбандық шалу және т.б. мағынаға ие болып, ішкі моральдік мақсатқа негізделі бастады.

Өзінің әлемді түсіндіру функциясын қасиетті тәртіп идеясы арқылы түсіндіре отырып, дін өз шеңберіне адамдар арасындағы этикалық қарым-қатынас аспектісін тарта бастады. Этикалық діндердің пайда болуымен, дін адамға әлемді түсінікті қылып, болмыстың мағынасын белгілеп қана қоймай, адам басқаларға өзіне қандай көзқараста болса, өзгелерге де сондай көзқараста болуы керектігін көрсетеді. Этикалық түсініктер діни сенімнің өзегін құрайтын орталық түсінік болады. Діни этикамен қатар философиялық этика да қалыптасады. Діни этика этикалық ұйғарымдар мен тыйымдарды құдайылықтан, ең жоғарғы саты ретінде алса, философиялық этика, керісінше, бұл тыйымдар мен ұйғарымдарды түсіндіру және мазмұндық жағынан ашуға тырысады. Бірақ, діни этика қасиетті жазбалардағы бекітілген қағидаларға негізделгенімен, онымен ғана шектелмейді. Ол өзгермелі жағдайлармен жолығып, оларға белгілі жағдайда бейімделу үшін талдаулармен түсіндірулермен толығып отырады. Біртәңіршілдік діндерде теология қасиетті кітаптардағы ілімдерді бір жүйеге келтіруге, оларды жүйеленген сенімге біріктіруге тырысады. Мысалы, исламдық шариғатта Құранның шарттарын суннаның көмегімен ұқсастықтар бойынша қорытынды шығару арқылы

даулы мәселелерді шешу, иджма жасауға болады. Демек, діни әдеп қай кезде болмасын діннің шарттарын орындаудың кепілі болып қана қоймай, тұрмыстық мәселелерді шешуде де қомақты роль атқарады. Діни әдептің бір өлшемі – діни сауаттылық, яғни, діни фанатизмнен арылтатын, қоршаған ортаға, жаратылысқа, қоғамдық құндылықтарға тек біржақты қарамай, себеп-салдарлық және реалды шындық тұрғысынан қарау арқылы белгілі бір ақиқатқа білім, таным тұрғысынан келуге мүмкіндік беретін үдеріс.

Діни сауаттылық полиэтникалық және поликонфессиялық Қазақстандағы ұлтаралық таулықты күшейту бағытындағы дінтанулық білімнің шешуші рөлін, оның әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы дін ілімін, дінаралық сұхбат, тағаттылық сынды үдерістерді жандандыру мен жетілдірудегі функциясын нақты дәйектейді. Бұл талдау отанымыздағы діни үрдістер мен үдерістер, діни ілімдер мен конфессияаралық мәселелер, геосаяси себептерге тәуелді көпұлттық қоғамның діни бет-бейнесін, дінаралық келісім мәдениетін, бұл үдерістерге ғылыми баға мен бағыт беретін дінтанулық білімнің сапасы мен сипатын аңғартады. Дінаралық қарым-қатынасқа объективті баға беруде біз дінтанулық білімнен өзге еш салаға толықтай жүгіне алмаймыз. Мысалы, теологиялық тұрғыдан дінаралық қатынасты талдауда біржақты ғана шешімге келуіміз ықтимал. Теологияның негізгі нысаны Құдай болса, дінтану ғылымының нысаны діннің өзі, оның феномені, тарихы, ішкі мәні, сипаты болып табылады. Зайырлы Қазақстан Республикасының әрбір азаматы дін, оның қоғамдағы орны, функциясы жайлы білуі тиіс. Себебі, діни ілім ресми мемлекеттен бөлінгенімен, сол мемлекеттің негізі болып табылатын халық арасында қашанда өз орнын жоғалтпақ емес. Бірақ діннің басқа да функцияларымен қатар дезинтеграциялаушы функциясының барын да ұмытпауымыз керек. Көпұлтты мемлекетте бұл қашанда діни ағымдарға жіті қарауды, конфессиялар арасында болуы мүмкін қақтығыстардың алдын алу шараларының жүйелі түрде жүргізілуін талап етеді. Діни қайшылықтар барлық қоғамға тән, себебі «біз» бен «олар», «өзіміз» және «бөтендер» ұғымдары діни санада қашанда болсын жаңғырып тұрады. Оның үстіне біз күрделі, көпұлтты және көпдінді елде өмір сүріп отырмыз. Сондықтан да дінаралық қарым-қатынаста барлығы да оңай әрі тартыссыз болады деу тым аңғалдық болар еді. Дінаралық қарым-қатынаста екі жаққа да бұра тартушылық болмауы үшін, өзара келісім мен оң нәтижеге қол жеткізу

үшін дінтанушылармен қатар дінбасылар, діни қызметкерлер атсалысып, мақсатты іске бір кісідей жұмылуы тиіс. Мысалы, діндарлар, дінбасылар әртүрлі діндердің арасындағы ұқсастық пен сәйкестілікті, ритуалдары басқа болса да күтілетін нәтиженің бір екендігіне мән бере отырып, оны үнемі назардан тыс қалдырмай баса айту және көпшілікке ұғындыру қажет. Адамның Жаратушыға, Жаратушының адамға деген сүйіспеншілігін жалпы діндердің бәріне тән ұқсастық ретінде көрсете отырып, дінаралық келісім мен үйлесімділікті нығайтудың бір тәсілі ретінде осындай діндерге ортақ ілімдерді насихаттау арқылы діни тағаттылық пен ұлттық төзімділіктің негізін нығайтып, ксенофобия сынды келеңсіз құбылыстардың алдын ала аламыз. Тарихи оқиғаларды мысалға келтіре отырып нақты дәлелдер арқылы бір территорияда тұратын халықтардың бірлігінің, сол халықтың бір өкілі болып табылатын жеке тұлға үшін қаншалықты тиімді екендігін сезіне білуін қамтамасыз еткенде, біз діни фанатизм мен фундаментализмді терістеп, дінаралық жанжалды болдырмаудың шараларын жүзеге асыра аламыз. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының азаматтарының рухани келісім мен өзара ынтымақтастығының нығаюы мен өркендеуіне мүмкіндік береді.

Дінаралық келісім мәдениетінің дамуы дінаралық сұхбатқа тіреледі. Еліміз көпұлтты және көпдінді болып табылатындақтан, қоғамның рухани өмірі әртүрлі мәдениеттердің ерекшелігі ретіндегі көптеген идеялар, көзқарастар, ұстанымдарға, дүниетанымдарға толы. Сондықтан дінаралық сұхбат ғалымдар, теологтар, қоғам қайраткерлері тудырған түрлі пікірлер мен көзқарастардың бір-бірімен араласу, жетілу түрінде көрініс табады. Мұндай үдерістің нәтижесінде идеялардың бірін бірі өзара толықтыруы және әсерлесуі жүзеге асады. Шынайы хақ дінде күш көрсету, қан төгу, озбырлық жасау секілді агрессивті іс-қимылға орын жоқ. Барлық діндердің өзіндік ерекшелігі бар. Әртүрлі конфессиялар арасындағы сұхбат, мысалы, ислам және православие, исламның өз ішіндегі ағымдар, түрлі протестанттық шіркеулер арасындағы сұхбаттасу қазіргі кезде қоғамдағы діни тұрақтылық үшін өте қажет болып тұрған іс. Мысалы, христиан дініндегі ағымдар арасында діндерді жақындастыратын экуменизм үрдісі бұған түрткі бола алады. Мемлекетіміздің жарқын болашағы үшін діндарлар мен мемлекеттік органдар арасында да сенім, ар-ождан секілді ортақ мәселелер жайында өзара сұхбат та зайырлы қоғамның бір сипаты болып табылады.

Діннің мемлекеттен бөлінгендігі жайлы айтқанда біз, діннің қоғамнан аластатылғандығы жайлы емес, діннің мемлекет билігіне қатысы жоқтығын айтамыз. Себебі, әлеуметтік институт ретінде дін қашанда қоғам өмірінің рухани саласындағы өз функциясын тоқтатпақ емес. Атеистік пікірдегі ойшылдардың уақыт өте келе дін қоғамдағы өзінің орнынан тайдырылып, дүниетаным түрінде өмір сүруден қалады деген байламдары жаңсақ еді. Оны тарих бізге дәлелдеп те берді. Модернизация діннің сөзсіз күйреуіне алып келеді деп есептеген ғалымдардың кейбірі тіпті өз ойынан қайтуға мәжбүр болды. Қайткенде де діннің қоғамдағы өз орнын жоғалтуы мүмкін емес екендігі белгілі.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезде елімізде діни ұстанымдарға демократиялық-зайырлы мемлекет ретінде еркіндік берілді, халық өзінің біршама уақыт бойы жоғалтып алған рухани құндылықтарын қалпына келтіре бастады. Геосаяси жағдай мен тарихи оқиғалардың негізінде Қазақстан мемлекетінде 130-ға тарта ұлт пен ұлыстың өмір сүруі, олардың әртүрлі дінді ұстануы, ұлттық ділдің ерекшелігі бұл мәселеде өте тиянақтылық пен тағаттылықты талап етеді. Елімізде атқарылып жатқан әлемдік деңгейдегі іс-шаралар дінаралық мәдениетті қалыптастыру, оны дамыту, ел азаматтарының көкірегінде өзге дінге сенетін отандасына деген ортақ елжандылық пікірін күшейтуге бағытталған және оның нақты нәтижелері өз жемісін беруде.

Дінаралық келісім мәдениетін шыңдауда қазақстандық дінтанулық білімге өте көп жауапкершілік артылуда. Тәуелсіздік жылдары Отандық қоғамдық ғылымдарда, оның ішінде тарих ғылымында да дінтану бағытында өзгерістер мен жаңарулар қалыптасты. Егемендіктің алғашқы жылдарындағы діни, мәдени тәжірибелер бұл бағыттағы өзгерістер легіне Қазақстан қоғамының теориялық және әдіснамалық жағынан әлі жеткілікті дайын еместігін, «біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғанын» көрсетті. Бұл, әсіресе, діннің сыртқы атрибуттарына басым бағыт беріліп, оның ішкі шынайы мазмұнын игерудегі іркілістерден көрінеді. Жаңадан жүздеген мешіттер, діни бірлестік-басқармалар, мекемелер, арнайы оқу орындары ашылғанымен діни құндылықтарды толыққанды игеруде сәйкессіздіктер туындап отырғанын да атап өткен жөн. Мұның барлығы дінтанудың тәрбиелік мазмұнын теориялық және әдіснамалық жағынан жетілдіруді талап етеді. Мәселенің күрделілігі сондай, кейде мектептер мен арнайы орта оқу орындарындағы кейбір ұстаздар мен тәрбиеші-

лердің өзі қарапайым діни ұғымдар мен анықтамаларды ажырата алмайтын болып шықты. Мысалы «дін» мен «конфессия» ұғымдарын ажырата алмау, сондай-ақ қазақтардың ислам дінінің қай ағым-тармағына жататындығын қарапайым адамдардың біле алмау жағдайлары жиі кездесіп отырғаны жасырын емес.

Бұл мәселелердің түйінін шешу үшін, діни сауаттылықты дұрыс жолға қою үшін теологиялық білім алу жеткіліксіз, ол дінтану ғылымының да құзіреттілігіне кіретін мәселе болып табылады. Дінтану ғылымын оқыту тұлғаның рухани болмысын жетілдіруге және мәдениетін қалыптастыруға, руханият жетістіктерін жанжақты түсінуге, діни ілімдерді зерделеп, талдауға үйретумен қатар, басқаның мәдениетіне түсіністікпен қарауға, діни толеранттылық, дін аралық келісім ұстанымдарын сыйлауға тәрбиелейді [5, 74 б.].

Қазақстандағы діни үдерістер қазіргі әлемдік діни ахуалдың құрамдас бөлімі. Дәстүрлі емес діни ағымдардың посткеңестік кеңістіктегі белсенділігі Қазақстан ғана емес, басқа да бұрынғы кеңес республикалары халықтарының қоғамдық пікірінде кеселді қабылдануда. Өйткені «постхристиандық» немесе секуляризацияланған Батыс Еуропа өркениеті діни экстремизмге қарсы өздерін барлық құқықтық және заңнамалық, нормативтік құжаттармен, теориялық-әдіснамалық құралдармен қамтамасыз етіп алған. Ал бұрынғы кеңес республикаларында мұндай механизмдер толыққанды жасалынбаған. Бұдан діни-өркениеттік мәселелер Батыс өркениеті үшін өзекті емес деген тұжырым жасалынбауы тиіс.

Қорытынды

Жаһандану жағдайында еліміздің ұлттық және мемлекеттік тұтастығын сақтау үшін өзіміздің

ұлттық болмысымыз бен төл мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып білу, ұлттық бет-бейнемізді, ділімізді жоғалтпай, болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды аманат ретінде қалдыру заман талабы. Бұл жайлы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» [6, 233 б.], – деп атап көрсетті.

Демократияны желеу еткен жат ағымдар ойларына келгенін істеп, ұйып отырған елдің ішкі тұрақтылығы мен саяси аренадағы рөліне нұқсан келтіруі әбден мүмкін. Бұған жол беріп қойған жағдайда еліміздің зайырлы ұстанымдарына сызат түсіп, алға қойылған мақсаттарымызды ұлықтау, ұлттық мүдделерімізді айшықтау кедергіге тап болары анық. Жаһандану жағдайында әртүрлі мәдениеттердің кеңістік талғамай, басқа ел аумағына өте беруі қалыпты жағдай. Бірақ, бұл үдеріс мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, елдің рухани бірлігіне, ұлттың тұтастығына залал тигізбеуі тиіс. Елжандылық, мәдениеттілік, адамгершілік, тағаттылық секілді сапаларды басшылыққа алған халық қана діни сауаттылық пен зайырлылық идеяларын нық ұстану арқылы бұл діни экспансияға тойтарыс беріп, алдына қойған ұлттық мүдделерге сеніммен қарышты қадам баса алады. Әртүрлі діни ағымдардың, мәдениеттердің өзара сұхбаттасуы, араласуы елдегі тұрақтылыққа, тыныштыққа, мемлекетте жүріп жатқан экономикалық-саяси реформаларға еш кедергі келтірмеуі қажет. Бұл жағдайда діни фанатизм мен діни фундаментализмнің біздің халқымызға жат, кереғар, келеңсіздікке алып келер құбылыс екені көзі ашық, көңілі қарақты әр азамат үшін түсінікті.

Әдебиеттер

- 1 Есім Ф. Саяси философия. – Алматы: Ел-шежіре, 2006. – 287 б.
- 2 Сәрсенбаев Т.С. Ұлтаралық қарым-қатынастар саясаты мен мәдениеті. – Алматы: 2000. – 8 б.
- 3 Әміргазин С. Дін және жауапкершілік. – Алматы: Ел-шежіре, 2002. – 211 б.
- 4 Томпсон М. Философия религии / Пер. с англ. Ю. Бушуевой. – М.: ФАИР-ПРЕСС, 2001. – 201 с.
- 5 Бейсенов Б.К. Дін және қоғам. Монография. – Алматы, 2013. – 144 б.
- 6 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 273 б.

References

- 1 Esim G. Sayasi Filosofiya. – Almaty: El-shegire, 2006. – 287 b.
- 2 Syarsenbayev T.S. Ultaralyk karym-katynastar sayasaty men madenieti. – Almaty: 2000. – 8 b.
- 3 Amirgazin S. Din gyane gauapkerwilik. – Almaty: El-shegire, 2002. – 211 b.
- 4 Tompson M. Filosofiya religii / Per. S angl. U. Buwuevoy. – M.: FAIR-PRESS, 2001. – 201 s.
- 5 Beysenov B.K. Din gyane kogam. Monografiya. – Almaty, 2013. – 144 b.
- 6 Nazarbayev N.A. Tarih tolkynynda. – Almaty.: Atamura, 1999. – 273 b.